

"2025 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесін және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, грамына, данасына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 123 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 371 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 желтоқсанда № 37664 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2025 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесін және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, грамына, данасына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 123 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10461-10 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов